

Мәдени және жабайы,
біржылдық және көп жылдық,
дәрілік және әсемдік
өсімдіктер. Өсімдіктердің
тіршілік формалары: ағаштар,
бұталар, бұташықтар, шөптесін
өсімдіктер.

- Қасымова Айна
- ЖБЛ-411

Мәдени өсімдіктердің шығу тегі. Мәдени өсімдіктер жабайы өсімдіктердің түрлерінен шыққан. Алғашқы адамдар өсімдіктердің жеуге келетін жемістері мен тамырларын тауып қолданған. Жабайы өсімдіктерді жинап алып, оларды өздері тұрған жердің айналасына егіп, өсіре бастаған. Адамдар топырақты қопсытқанда, арамшөптерін өлтіргенде, суарғанда өсімдіктің жақсы өсетінін білген. Олардың жемістерінің, тұқымдарының, тамыржемістерінің өрі үлкен, өрі дәмді болып қалыптасатынын байқаған.

Мәдени өсімдіктердің көпшілігінің тарихы ертеден басталады, бірақ олардың бірқатары кейінгі кезде себіле бастады. Мысалы, бидай біздің эрамызға дейінгі VII мыңжылдықта, картоп, қызанақ, күнбағыс XVI ғасырда, ал қант қызылшасы XIX ғасырдың бас кезінен өсіріледі. Табиғи өсімдіктерді мәденилендіру қазір де жүріп жатыр. Ғалымдар жабайы өсімдіктердің құндыларын зерттеп, ең жақсыларын таңдап алады. Оларды өсірудің агротехникасын жолға қояды.

Өсімдіктерді өсірудің тәжірибесі ұрпақтан ұрпаққа беріліп келеді. Адам қай кезде де өз қажеті үшін, сапасы ең жоғары өсімдіктерді таңдай білген.

Мәдени өсімдіктер



Жабайы өсімдіктер



- Біржылдық өсімдіктер-бір жыл ғана өмір сүретін өсімдіктер. Біржылдық өсімдіктердің 2 түрі бар: 1) жаздық Біржылдық өсімдіктер, 2)күздік Біржылдық өсімдіктер. Жаздық Біржылдық өсімдіктерге: тары, жаздық бидай, шегіргүл. 2)күздік Біржылдық өсімдіктерге: күздік бидай, күздік қарабидай, т.б.

Біржылдық өсімдіктер



MyShared

Бір жылдық өсімдіктер



Күнбағыс



Бұрыш



Бидай

Өседі, гүлдейді, тұқым береді, тұқым берген өсімдігінің өзі қурап, тіршілігін тоқтатады.

- Ал Көп жылдық өсімдіктер – екі жылдан астам тіршілік ететін өсімдіктер. Көп жылдық өсімдіктер қоңыржай аймақта көбіне шөптесін, ал тропиктік аймақтарда, көбінесе, ағаш, бұта түрінде өседі. Бұлардың сабағында не тамырында қор жиналатын арнайы органдары (тамыр, тамыр сабақ, түйнек, жуашық) болғандықтан ауа райына, жыл маусымына қарай сабағы қурап қалғанмен тіршілік қабілетін сақтап, келесі жылы қайта өседі. Мәңгі жасыл түрлері де бар. Мыс., пальма, лавр, талгүл (олеандр), т.б. Көп жылдық өсімдіктердің бірнеше ондаған, жүздеген тіпті мыңдаған жыл тіршілік ететін түрлері белгілі.

Көп жылдық өсімдіктер



Емен 1000-1500 жыл



Шырша 250 – 300



Көп жылдық өсімдіктер



Бақбак



Итмұрын

Дәрілік өсімдіктер (лат. *Plantae medicinalis*), шипалы өсімдіктер – медицинада және мал дәрігерлігінде емдеу және аурудың алдын алу мақсатында қолданылатын өсімдіктер. Дәрілік өсімдіктердің емдік қасиеті олардың құрамында стероид, тритерпен, алкалоид пен гликозидтердің, витаминдердің, эфирмайлары мен тұтқыр заттар сияқты түрлі химиялық қосылыстардың болуына байланысты. Қазақстанда өсетін алты мыңнан астам өсімдік түрінің бес жүздей түрі дәрілік өсімдіктерге жатады. Дәрілерді дайындау үшін шикізат ретінде пайдаланылатын дәрілік өсімдіктер бөлек іріктеледі. Дәріні көбінесе жабайы өсімдіктерден алады.

